

## ✓ Айманов апталығы

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада атақты жерлесіміз, кино өнерінің майталманы Шәкен Аймановтың 100 жылдық мерейтойына орай «Шәкен Айманов фильмдеріндегі музыка» атты кеш өтті. Шара «Шәкен әлемі» апталығының аясында ұйымдастырылды.

Шәкен Аймановтың көзін көргендер: «Шәкенді еске алған кезде, қазақ халқының шығармашылығы мен өнерін де еске түсіреміз. Шәкен домбыраны жақсы тартатын, халықтық дауыспен өнді тамылжытып айтушы еді. Тіпті, онымен бірге отырып, шай ішудің өзі мерекеге айналып кетуші еді», - дейді.

Кітапханада өткен шара барысында оқырмандарға және кеш қонақтарына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған режиссерге байланысты кітаптар, альбомдар және тағы басқа басылымдар қойылды. Қатысушылардың назарына Шәкен Айманов туралы деректі фильм және режиссердің «Алдар көсе», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры», «Біздің сүйікті дәрігер», «Атамекен» фильмдерінен үзінді көрсетілді. Соңдай-ақ, Ш.Аймановтың өз орындауындағы «Жиырма бес», «Алдар Көсе» әндері тыңдалды.

Шараға қатысқан кітапхананың тұрақты оқырмандары Толқын Сыздықова, Берікбол Сүйеукенов, Дүйсен Ибраев және музыкалық колледжінің оқушылары Айдана Қабылова мен Дария Мағзұмова Шәкен фильмдеріндегі әндерді шырқады.

**Жадыра ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**  
С.Торайғыров атындағы облыстық  
кітапхана қызметкері.